

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 3 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар! Енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Қожаев Марат Шәдетханұлына беріледі.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздерге «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Келісімге 2019 жылы 14 қазанда Баку қаласында Қазақстан мен Әзірбайжан Ішкі істер министрлері қол қойды.

Келісімді ратификациялау көші-қон ағындарын реттеу, азаматтық мәселелерін шешу және заңсыз көші-қон желілерін анықтау үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Нақтырақ айтсақ:

1. Статистика мен ақпарат алмасуға мүмкіндік болады.
2. Азаматтар туралы жеке ақпарат алуға болады.
3. Екі ел үкіметтері тәжірибе алмасып, бір-біріне практикалық көмек көрсетеді.

4. Қазақстан мен Әзірбайжан азаматтарының құқықтық мәртебесі анықталады.

5. Көші-қон саласындағы қылмыстармен күресіп, заңсыз каналдарды жоюға болады.

Қазақстан мен Әзірбайжан мемлекеттерінде заң бойынша қос азаматтық жоқ.

Бүгінгі таңда Ішкі істер министрлігі көші-қон бойынша 23 халықаралық келісімді бекітті, көші-қон саласында халықаралық деңгейде тағы 8 келісім дайындалуда. Осы келісімдердің нәтижесінде заңсыз көші-қон бойынша ақпарат алмасу жолға қойылды, адамдарды басқа елдерге қайтару мәселесі шешілді, шетелдіктердің Қазақстанда болу мерзімі анықталды, қос азаматтыққа жол бермеу мәселесі шешілді.

Қазақстан осындай келісімді Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Беларусь мемлекеттерімен жасады.

Құрметті депутаттар! Осы заңды қабылдау азаматтық мәселелері бойынша ақпаратпен алмасу, қос азаматтық және заңсыз көші-қонға қарсы күресте туындаған мәселелерді реттеуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік-экономикалық және құқықтық теріс салдарға әкеп соқпайды және қосымша қаражатты талап етпейді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Айтпаева Сәуле Мұханбедианқызына беріледі.

АЙТПАЕВА С.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Бүгін қаралып жатқан «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасын қолдаймын. Ратификациялау қос азаматтыққа және заңсыз көші-қонға қатысты мәселелерді шешуге көмектеседі. Келісім бойынша ынтымақтастық тараптардың сұрауы негізінде жүзеге асырылады. Мұндай сұраныстар жазбаша, оның ішінде мәтінді берудің техникалық құралдарын қолдана отырып жіберіледі. Сұрағым осыған байланысты.

Біздің елдер арасындағы қолданылатын электрондық байланыс құралдары техникалық жағынан қаншалықты қорғалған?

Сондай-ақ мигранттарды тіркеу кезінде ақпараттық технологияларды қолдану туралы жауап естігім келеді. Атап айтқанда, көші-қон қызметінің ақпараты біздің елдің басқа мемлекеттік органдарының мәліметтер базасымен үндестіріле ме?

Тағы бір сұрағым бар.

Вы отметили, что Министерством внутренних дел подписано 23 международных соглашения в области миграции, 35 соглашений еще готовятся, у нас успешно действует международный информационный банк данных по осужденным лицам, по выдворению и так далее.

В этой связи вопрос: будет ли создан либо прорабатывается вопрос о создании банка данных по вопросам миграции с учетом того, что ежегодно количество этих лиц увеличивается, между Казахстаном и странами Содружества Независимых Государств, между Казахстаном и странами Евразийского экономического союза? Рақмет.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Сәуле Мұханбедианқызы, сұрағыңызға рақмет. Қазақстан мен Әзірбайжанның арасында 1992 жылдан бастап арнайы қорғалған электрондық канал бар. Оның операторы жауапты үкіметтік орган – Ұлттық қауіпсіздік комитеті.

Осындай каналдар бізде Ресеймен, Беларусь елімен, Қырғызстанмен, Өзбекстанмен де бар. Жабық мәліметтер осы каналдармен жіберіледі, мәліметтермен сол канал арқылы алмасамыз. Ал одан басқа ашық мәліметтер халықаралық поштамен жіберіледі.

Әзірбайжан мен Қазақстан туралы айтсам, осы жерде, министрлікте Әзірбайжанның өкілі бар, Әзірбайжанда біздің өкіліміз бар. Сол кісілердің арқасында осындай мәліметтермен алмасып отырамыз.

Сұрағыңыздың екінші бөліміне келсек, Көші-қон полициясының арнайы жүйесі 2017 жылдан бастап іске қосылды. «Ақпараттық Қазақстан-2020» бағдарламасына сәйкес сол кезден бастап біздің жүйелеріміз басқа мемлекеттік органдардың барлығымен интеграциядан өтті. Нақты айтсам, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (КНБ) «Бүркіт» бағдарламасымен, Бас прокуратураның жүйелерімен, Біріктірілген деректер банкімен, Ішкі істер министрлігінің халықаралық құжаттар жүйесімен, халыққа қызмет көрсететін орталықтардың банкілерімен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпарат жүйесімен интеграциядан өттік.

Осының барлығын интеграциядан өткізген соң бізге келген шетелдіктердің жағдайы жеңілдеп кетті. Өздеріңізге белгілі, былтырғы жылға дейін шетелдіктер біздің елге келгенде бес күннің ішінде міндетті түрде Көші-қон полициясына келіп тіркеуден өту керек еді. Осы интеграциядан кейін заң бойынша өзгерістер енгізілді, қазір шетелдіктер бізге кіргенде біз шекара қызметінің «Бүркіт» базасынан біздің порталға мәлімет (кім келді, аты-жөні, келген мақсаты, кім қабылдайды, қай жерде жататыны) келіп түседі. Қабылдаған адамдар үш күннің ішінде бізге уведомление жіберу керек. Қазір шетелдіктер бізге келіп ешқандай тіркеуге тұрмайды, оған жауапты да емес.

Халыққа қызмет көрсету орталығының базаларымен интеграция жасалғандықтан шетелдіктердің барлығы сол жерге барып, бір терезеден тұратын жеріне шейін (оқуға келсе де, емделуге келсе де, жұмысқа келсе де) тіркеуді сол жерден алады. Бізге мәліметтің барлығы сол базадан түседі. Сол себептен қазіргі күні ешқандай мәселе туындамайды, шетелдіктерге өте ыңғайлы жағдайлар жасап жатырмыз.

В части объединения наших систем с системами других правоохранительных органов и органов, ответственных за миграционные процессы стран, в том числе Содружества Независимых Государств и Евразийского экономического союза, вопрос открытый. Дело в том, что наши информационные системы (даже можно похвастаться этим) более продвинуты на сегодняшний день. У нас развитие цифровых технологий, информационных баз ушло на шаг вперед даже по сравнению с Российской Федерацией. И для того чтобы их свести в единую систему, откуда мы все могли бы получать сведения о миграционных процессах, нужны определенные доработки систем разных стран, потому что они построены на разных базах и так далее.

Но данное соглашение позволяет это делать, потому что мы, предвидя, что коммуникационные системы будут развиваться, сразу в этом соглашении заложили, что стороны имеют возможность создавать банк данных для обмена информацией. Я думаю, что в будущем это будет. Наши специалисты говорят, что особой сложности в этом нет,

нужно интегрировать и поставить шлюзы, которые защищали бы конфиденциальность передаваемой информации. То есть в будущем технически это возможно.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Марат Шәдетханұлы, орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісім Әзірбайжан Парламентімен 2019 жылғы 13 желтоқсанда ратификацияланды.

Келісімнің негізгі мақсаты екі мемлекеттің көші-қон саласындағы ынтымақтастығы үшін құқықтық негіз құру, сонымен қатар заңсыз көші-қонға қарсы күрес жөніндегі бірлескен шараларды жүзеге асыру және көші-қон саласындағы әріптестік ынтымақтастық арқылы қарым-қатынасты тереңдету болып табылады.

Бүгінгі таңда екі ел арасындағы әлеуметтік-экономикалық ынтымақтастық жылдан-жылға артып келе жатыр. Оны келесі статистикалық мәліметтер арқылы байқауға болады. Мәселен, 2018 жылы Қазақстанға 50 мыңға жуық Әзірбайжан азаматы келсе, 2019 жылы 48 мың азамат келген, керісінше Қазақстаннан 2018 жылы 28 мың, 2019 жылы 29 мың азамат Әзірбайжан еліне барған. 2020 – 2021 жылдары пандемияға байланысты келіп кететін азаматтардың саны азайған.

Елімізге келген Әзірбайжан азаматтарының көбісі Қостанай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында және Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларында шоғырлануда.

Осындай жағдайда Қазақстан Республикасында болу ережесін бұзғаны үшін 2020 жылы әкімшілік жауапкершілікке 415 Әзірбайжан азаматы тартылды, ал 112 азамат елімізден тыс жерге шығарылды. Сәйкесінше 2021 жылы дәл осы көрсеткіштер 148 және 14 Әзірбайжан азаматын құрап отыр. Сондай-ақ бүгінгі таңда тіркелген мерзімі аяқталғаннан кейін мемлекетімізде заңсыз қалып қалған 75 азамат анықталып, әкімшілік жауапкершілікке тартылып, олардың төртеуі соттың шешімімен елден шығарылған.

Құрметті әріптестер, қаралып отырған келісім заңсыз көші-қон жолдарын жоюға мүмкіндік беріп, қос азаматтыққа жол бермеу мәселелерін шешеді. Ең бастысы қаралып отырған заң жобасы көші-қон саласындағы екі ел азаматтарының құқықтық мәртебесін кешенді түрде анықтайтын өте маңызды құжат болып табылады.

Заң жобасы Сенаттың барлық комитеттерінің отырыстарында және бөлімдерінде қаралып, нәтижесі оң қорытындылармен бағаланды.

Келісімді ратификациялау республикалық бюджеттен қосымша қаражатты талап етпейді және теріс әлеуметтік-экономикалық, құқықтық салдарға әкеп соқпайды.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандардың негізінде «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сұлтанбек Алмасбекұлы.
Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қазақстан мен Әзірбайжан мемлекеттері арасындағы қарым-қатынас тарихы терең бауырластық пен достыққа негізделген. Қазіргі таңда ортақ теңіз шекарасы, сауда-экономикалық және мәдени байланыстар екіжақты қатынаста үлкен маңызға ие. Осы ретте бүгін қабылдан заң да ерекше рөл атқарады. Осы құжат арқылы Әзірбайжанда жүрген азаматтарымыздың мүдделерін тиісті деңгейде қорғауға қосымша мүмкіндіктер туындайды. Алдағы уақытта бұл заң көші-қон саласын реттеп, екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселе қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Құрметті әріптестер, сауалдар бар ма?

Слово предоставляется депутату Ершову Сергею Михайловичу. Пожалуйста.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан господину Мамину и презентуется вам, уважаемые коллеги, в сокращенном варианте.

«Уважаемый Аскар Узақпаевич! Комитет по международным отношениям, обороне и безопасности в плановом порядке провел встречи с государственными органами по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций как в части организации в целом гражданской защиты, так и по вопросам подготовки к весенним паводкам.

Анализ показывает, что чрезвычайные ситуации природного и техногенного характера, в том числе такие, как прорыв дамбы и затопление населенных пунктов в Туркестанской области, пожар в Риддере, а также мусорных полигонов вблизи Алматы и Усть-Каменогорска, снежная зима прошлого года, все оцутимее затрагивают экономические, социальные, демографические и иные интересы государства. Треть страны находится в зоне сейсмической активности, где проживает более 6 миллионов человек и сосредоточено около 40 процентов промышленного потенциала.

В конце прошлого года Парламент принял закон по вопросам промышленной безопасности, согласно которому вводится аттестация профессиональных аварийно-спасательных служб, предусмотрены меры повышения уровня производственного

контроля, своевременного обновления и технического перевооружения опасных производственных объектов, а также усиливается государственный надзор.

О ходе реализации данного закона комитет планирует в конце текущего года провести правительственный час и заслушать государственные органы и организации.

Отдельно необходимо отметить о материально-техническом оснащении органов ЧС, которые на протяжении ряда лет испытывают хроническое недофинансирование. Обеспеченность необходимыми инженерно-техническими средствами, вещевым имуществом, оборудованием и транспортом составляет чуть более 58 процентов. Сокращаются расходы на строительство социально значимых объектов, предназначенных для защиты населения и безопасности территории страны.

В 2021 году финансовые средства в размере более 11 миллиардов тенге решением Республиканской бюджетной комиссии не поддержаны. В то же время мы видим, что в рамках уточнения республиканского бюджета на 2021 год выделены средства на разного рода консалтинговые и иные услуги даже тем администраторам бюджетных программ, которые имеют дебиторскую задолженность.

Такого рода подход к распределению бюджетных средств при недофинансировании служб по защите населения и обеспечению безопасности территории страны от чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера вызывает недоумение.

Ежегодный характер носят мероприятия гражданской защиты от наводнений, паводков, затоплений и иных чрезвычайных ситуаций природного характера. В законодательном плане указанные мероприятия предусмотрены в статье 42 Закона «О гражданской защите», однако они не содержат обязательств организаций и граждан в части обеспечения безопасности объектов и надлежащей инфраструктуры, не имеют комплексного характера, в связи с чем нуждаются в своем совершенствовании.

Еще один момент, на который хотелось бы обратить внимание, – это социальное положение сотрудников ЧС в части обеспечения жильем. Недостаточное социальное обеспечение, нерешенность жилищных проблем являются основной причиной непрестижности профессии пожарного и спасателя, текучести кадров органов гражданской защиты. При имеющейся штатной численности (чуть более 19 тысяч) количество сотрудников, нуждающихся в жилье, составляет 7800 человек, это более 40 процентов.

На данный момент потребность в выделении дополнительных денежных средств из республиканского бюджета на жилищные выплаты составляет порядка 8,6 миллиарда тенге в год. А ведь именно спасатели и пожарные находятся в постоянной боевой готовности и круглосуточно готовы первыми прибыть на помощь в экстремальных ситуациях.

С учетом изложенного просим:

в рамках формирования республиканского бюджета на 2022 год предусмотреть крайне важные финансовые средства, направленные на должное материально-техническое оснащение органов гражданской защиты;

провести комплексный анализ на предмет полноты и актуальности законодательных мер, направленных на предупреждение и профилактику возникновения чрезвычайных ситуаций, с последующим внесением соответствующих предложений;

инициировать включение сотрудников уполномоченного органа по чрезвычайным ситуациям в число получателей жилищных выплат по аналогии с военнослужащими, сотрудниками органов внутренних дел и антикоррупционной службы.

Просим дать письменный ответ о результатах рассмотрения нашего депутатского запроса в установленные законом сроки.

Депутаты Ершов, Кул-Мухаммед, Нурсипатов, Кожамжаров, Мусабаев, Нуржигитова». Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Коллеги, соблюдаем регламент.

Сөз депутат Нұралиев Әбдәлі Токбергелұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің атына жолданады. Қысқартылған нұсқа.

«Бұл депутаттық сауалға еліміздегі экологиялық ахуалдың жай-күйі мен Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның «Жаһандық климат» атты баяндамасы арқау болды.

Қазіргі кезеңдегі қоршаған ортаның жағдайы еліміздің әрбір азаматын алаңдатуда. Сондықтан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бірегей табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, оны қорғауға байланысты мәселелерге ерекше назар аударуда.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша атмосфераның ластануы әлемде жыл сайын 4,2 миллион адамның өліміне әсер етеді екен. Дәрігерлер әртүрлі аллергиялық, өкпе демікпесі, қатерлі ісік ауруларының пайда болуы сол аймақтың экология жағдайымен тығыз байланысты екенін анықтап отыр.

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметі бойынша 2020 жылы атмосфераға ластанушы заттардың нақты эмиссиялары 2,49 миллион тонна, төгінділер 0,89 миллион тоннаны құрауда.

Жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасындағы атмосфералық ауа сапасы мониторингінің нәтижесі: мегаполистер мен ірі қалаларда ластанудың шектен тыс көрсеткіштері тіркелген. Атап айтсақ, Теміртау, Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Өскемен, Қарағанды, Балқаш, Жезқазған, Шымкент қалалары ластанудың өте жоғары деңгейінде.

Жыл сайын Қазақстанда 4,5 миллион тонна қатты тұрмыстық қалдықтар, шамамен 31,6 миллиард тонна өнеркәсіптік қалдықтар түзеледі. Қазіргі уақытта еліміздегі үш мыңнан астам полигонда 125 миллион тоннадан астам қатты тұрмыстық қалдық жиналған. Полигондардың 82 пайызы экологиялық және санитарлық нормаларға сай келмейді.

«Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясының ғарыштық мониторингі шеңберінде елімізде заңсыз қоқыс орындарының көбеюі анықталған және оларды жою мәселесі бүгінгі күні толыққанды жүзеге асырылмаған.

Бүгінде антропогендік және табиғи факторлардан болатын ластағыш заттардың атмосфералық ауаға түсуі, қоршаған ортаның зиянды заттар мен техногенді қалдықтармен ластануы қоғамның назарын аударған басты мәселелердің біріне айналып отыр.

Бұл тұрғыда қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру, халыққа экологиялық білім және тәрбие беру де кезек күттірмес бүгінгі күннің өзекті мәселелері.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қазіргі және болашақ ұрпақты қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсер ету салдарынан туындайтын қатерлерден сақтау және жер экожүйесінің саламатты жай-күйі мен тұтастығын қорғау мақсатында:

1) атмосфералық ауаға ластағыш заттардың нормативтерден артық болуына жол бермеуді көздейтін ауа тазалығына арналған арнайы заң жобасын әзірлеуді;

2) жеңіл жүк автомобильдері жүргізушілерінің жағар майының сапалы түрлеріне қол жеткізуін жақсартуды және автомобиль иелерін жанармай пайдаланудан сұйытылған көмірсутекті газдарға немесе электр автомобильдерге көшуге ынталандыру үшін барлық ықтимал шараларды қабылдауды;

3) тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуді және қолданыстағы қалдықтарды көму полигондарын анаэробты, компостты және биогаз қондырғыларын пайдалана отырып мейлінше заманауи, экологиялық және санитариялық талаптарға сәйкес келетін полигондарға ауыстыру жұмыстарын жоспарлы жүргізуді;

4) мемлекеттік органдар мен лауазым иелері өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғаларды экологиялық ағарту және олардың экологиялық мәдениетін арттыру шараларын жүзеге асыруды, барлық білім беру деңгейлерінде арнайы экологиялық пәнді енгізуді ұсынамыз.

Сенат депутаттары Нұралиев, Күрішбаев, Булавкина, Мусин, Жұмағазиев, Дүйсембинов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2021 жылғы 3 маусым

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Азербайджанской Республики о сотрудничестве в области миграции», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары М.Ш. ҚОЖАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад первого заместителя Министра внутренних дел Республики Казахстан КОЖАЕВА М.Ш. 1

Сөз сөйлеген:

Выступила:

АЙТПАЕВА С.М. 2

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі С.А. МӘКЕЖАНОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам МАКЕЖАНОВА С.А. 4

Депутат С.М. ЕРШОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЕРШОВА С.М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 5

Депутат Ә.Т. НҰРАЛИЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы


Депутатский запрос депутата НУРАЛИЕВА А.Т. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Мамину А.У. 7

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы



И. Шыныбаева